

Н. Ыылдыз<sup>1</sup>, Ш.А. Шортанбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Гази университеті, Түркия;

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com)

## Сүйінбай поэзиясындағы ұлт мұратының көрінісі

Мақалада ел тарихының аумалы-төкпелі шағында өмір сүрген, айбынды жырларымен қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңба қалдырған, ақиық ақын, айтыс өнерінің алтын дінгегі атанған Сүйінбай Аронұлының шығармашылығы талданды. Батырлық пен ерлікті, ел мұны мен мұқтажын жырлаған ақынның жырларындағы көркемдік-идеялық сипаттар анықталды. Сүйінбай Аронұлының жырлаған өлең-жырларында, айтыс-дастандарында ерлік рух пен елдік идеясы болашаққа нық қадам басқан егемен еліміздің мұратымен, Елбасы белгілеп берген «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасып, ақын армандаған бүкіл Алаш баласын бір тудың, бөрілі байрақтың астына біріктірсем деген аңсар-арманының, туған елін, халқын ынтымаққа, бірлікке, тәуелсіздікке шақырған үмітінің орындалып, шынайы тәуелсіз болған шағымызда жүзеге асып жатқаны айқындалды.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, Сүйінбай Аронұлы, әдеби дәстүр, ақындық, ақындар айтысы, Қатаған, әдебиеттегі ұлттық рух.

Ұлтымыздың жүріп өткен жолының талай аңыз-әпсанаға, ән-жырға өзек болып, сан тарихтың теперішін бастан өткергенін де білеміз біздің тарихтан. Ұлттық болмыс-бітімімізді, бет-бейнемізді сақтап қалу, ата-баба дәстүрінен қол үзбеу, ұрпақ жалғастығы, дәстүр сабақтастығы аясында қыруар міндет артып, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміздің мол екендігін талғам таразысына салып, салмақтауда, өткенге үңіліп, болашақта көз тігуде ұстанатын ұстаным-қағидатымыз болуға лайық «Мәңгілік Ел» идеясының тамыры тарих қойнауында жатса, өркен жаяр, жайқалар тұсы болашақпен тығыз байланысты. Қазақ елінің мәңгілік мұрат-аңсары ұлт рухымен, руханиятымен, атап айтсақ, тарихымен, мәдениет-әдебиетімен бірге жасасып, талай қуаныш-қиыншылықты қатар сезініп, тонның ішкі бауындай жымдасып, бір-бірінен ажырағысыз бірлікте екені даусыз. Еліміздің әл-ауқатымен қатар, қоғамдық ақыл-ойдың, рухани кемелділіктің соны сүрлеуге түсіп, ілгері жылжығанын мойындауымыз қажет. Көне сөз жәдігерліктерінде, ұлтымыздың даналық сөздерінде, ойшыл ғұламалардың соңында, ақын-жыраулар мұрасында сақталған ой-маржандарында ел арманының көрінісі, болашағына деген алдаусыз көңілі ел жадында сақталып, өлең-жырларында хатталып, бүгінге жеткені, «Мәңгілік Ел» идеясындағы асыл арнаның, алтын арқаудың сол бас-таулармен қосылып, біте қайнасып, түп-тамыры өткенмен сабақтасып, бүгінмен араласып, ертеңмен жалғасып жатқанын сезінудің, танып-түйсінудің уақыты жеткенін, сол жолда атқарылар ерен еңбектің, абыройлы міндеттің салмағын саралап, парқын бағамдайтын мезгіл жетті. Осы тұрғыдан алғанда Елбасының «сондықтан Қазақстанның болашағы жарқын деп санаймын... Біз бірте-бірте жарқын болашаққа жетеміз деп санаймын... Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы» деуі негізсіз емес, әрі санаға сан-батпан салмақ арқалатар жауапкершілігі барын да сездіретіні анық.

Қай кезеңдегідей қазақ үшін ғасыр да күрделі қайшылықтарымен, шиеленіске толы сәттерімен есте қалады [1]. Ел тарихының аумалы-төкпелі шағында өмір сүрген, айбынды жырларымен қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңба қалдырған, ақиық ақын, айтыс өнерінің алтын дінгегі атанған Сүйінбай Аронұлы отты жырларымен, өміршен өлеңдерімен ел жадында мәңгілік сақталып қалды. Озық ойлы, өткір тілді ақын болумен қатар, айтыс өнерінің асқан жүйрігі ретінде де танымал болған. Өткен жылы 200 жылдық мерейтойы тойланған ақынның қазақ әдебиетінің тарихындағы алатын орны ерекше екендігі қайта бір қаперімізге салынды.

«Ұйытқыған әрбір сөзім жел құйындай, Хан-қараға сөйлеген мен Сүйінбай» деп қара сөзді судай сапырған саңлақ Сүйінбай Аронұлы өзінің өлең-жырларымен, айтыс-дастандарымен кең танымал болған. Елдік сынға түскен, ерлікті ел санасында қайта жаңғырту сәті туған күрмеуі қиын, қайшылығы мол, болашағы бұлыңғыр тарта бастаған кезеңмен тұспа-тұс өмір сүрген ақынның иығына заманы ауыр жүк арқалатқаны ақиқат. Бұл аманатты ақын абыроймен атқарып шықты декек, қателесе қоймаспыз. Ерлік рух пен елдік мүддені үдесінен шыға жырлап, ел мен ердің намысын қайрап, бостандық, азаттық үшін күреске шыңдап, елдің ертеңінің кемелдігін, бүтіндігін, тәуелсіздігін ойлап, халқына өлеңімен дем берген Сүйінбай поэзиясы — қазақ әдебиетінің рухани қазынасын молайтқан толайым жырлар.

Қазақтың дауылпаз ақыны туралы: «Уақыт араға жылдар салып, заман алға ұмтылған сайын есімі ел есіне, туған халқына жақындай түсетін ұлы тұлғалар болады. Кезінде жыр дүлдүлі Жамбылдың өзі пірге балаған, елдің тәуелсіз болуын армандап, қиын заманда жырмен халқына жігер берген Сүйінбай сондай сүлейлердің санатынан еді. Әдетте үлкен ақынды да заманның өзі тудырады. Сүйінбай халқымыздың Қоқан хандығының, Ресей империясының тізесі батқан күрделі заманда өмір сүрді. Сондай кезде өзінің ақындық қуатын туған халқына бағыштады», — деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мерейтойлық жиынға арнаған Жолдауында.

Сүйінбай үнемі елдікті, бірлікті, ынтымақты, ерлікті жырлаған ақын. Елінің өткені мен бүгінін жырлайды, ерлерінің ерлігі мен ісін дәріптейді. Ел мүддесін жақтаған өлең-жырлары Сүйінбайдың ақындық даңқын, абыройын асырды. Ел тыныштығын бұзатын, алатайдай бүлдіретіндермен жаны қас ақын ондай пысықайларды, бай-болыстарды аяусыз шенеп, ұлт ынтымағын, бірлігін жақтағандарды, теңдікке, бостандыққа жеткізер ер-ұландарын асыра мадақтайды. Ұлт болып ұйысуға тірек болатын, қас дұшпаннан қорғауға қалқан болатын батырлардың өмір жолын, ерлік ісін үлгі етіп, бөрілі байрақ астында бірігуге, болашаққа үмітпен қарауға шақырады.

Көрнекті ақын, қоғам қайраткері Н.Оразалиннің сөзімен тұжырымдасақ, «...Сүйінбай ақын – өмірі ат жалында өткен ереуілді заманның хас батырларын көзімен көріп қана қоймай, өзі де сол батыр туған бағлан ұлдардың бірі ретінде Қоқан шапқыншыларына қарсы шығып, жанын шүберекке түйіп жүріп айқасқан жолбарыс жүректілердің бірі. Сүйінбай сөздерінің рухты келетіні де сондықтан. Ол – ер арқасын аяздай қарыған езгі мен қорлыққа, зорлық пен зомбылыққа қарсы тұруға қара жұртын жалынды жырларымен үндей білген, елін ерлік жолына бастай білген ақын».

«Бөрілі менің байрағым» өлеңінде ерлік рух та, елдік мақсат та айқын көрініп, бір тудың астына бірігудің, бір ел, бір халық болудың халқымыздың асыл арманы екенін сездіреді. Көне түркі дәуірінен талып жеткен дүбірге елеңдеп, үн қосқан қалың қолдың да, оның бастаушы, ұраншысын да намысты қолдан бермейтін ер екенін, қолға ұстаған бөрілі байрақтың бекем екеніне сендіреді. Өршіл рухқа толы кеудені кернеген жылы леп қас дұшпанға деген кекті өршітіп, көңілге медеу, жанға демеу болатынына иландырады. Бөрілі найза ұстап, бөрілі байрақты биікке көтерсе, намыс атойлап, ел мұңы мен мұқтажын жоюға аттанған қалың әскердің қамал алмай қоймайтын қаһармандығын, намысты қолдан бермейтін қайсарлығын көркем, келісті тілмен жырлаған ақынның елді бірлікке, ынтымаққа шақыруын жіті аңғарып, ұран түрінде айтылған өлеңнің ұлтты ұйыстыруға ықпалы мол екендігін аңғарамыз.

*Бөрілі байрақ астында,  
Бөгеліп көрген жан емен.  
Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен.*

«Ту алып жауға шапсаң сен» өлеңінде Қоқанның ханы Құдиярдың озбырлығы аяусыз шенеліп, елге бас болар ерлерге үндеу сипатында дем беріп, оларды күш, қайрат көрсетуге жұмылдырады.

*Ей, Сұраншы, Саурық!  
Қоқанның қолы қаптады,  
Қасиетті жерімді,  
Тозаң қылып таптады, —*

деп, қыспақта қалған елінді құтқарар, ауыр жағдайдан құтылар амалдың қалмағанына налып, Сұраншы мен Саурықтай ерлердің намысын жанып, қайрайды. Қажыр, қайрат көрсетуге шақырады. Дұшпанның тобын бұзатын, жауын жапырып, қолынан садақ, найзасы түспейтін ерлердің ел қамын жейтін күннің қайта туғанына алаңдар шағы екенін қайыра еске салып, мәнді іске жұмыла кірісуге үгіттейді.

*Қазақ қазақ болғалы,  
Қазақ атқа қонғалы,  
Не көрмеді бұл елім?! —*

деп ел тарихының арғы-бергі кезеңіне шолу жасап, ықылым заманнан бабаларымыздың басынан өткен небір жаугершілік заманды еске түсіріп, қандай қиындық болса да, оны жеңуге қабілетті елдің де, ердің де болғанын қаперге салады. Ер болып қалудың, ұлт болып ұйысудың халқымыздың ежелден келе жатқан арманы екенін сездіріп, тек бірлік, ынтымақ қана елді ертеңге жетелейтінін, тамыры терең елдің ғана ертеңі жарқын, келешегі кемел болатынын ашып береді.

Сүйінбайдың Тезек төремен, қырғыз ақыны Қатағанмен айтыстары абыройын, даңқын асырса, Қаңтарбаймен, Жантаймен, Бақтыбаймен, Майлықожамен, Уәзипамен, Кескенкекілмен, Күнбаламен, Тәтіқызбен болған сөз қағысулары, жауаптасулары, мөлтек айтыстары да ел арасына кеңінен тараған.

Соның ішінде, айтыс өнерінің ақтаңгері Сүйінбайдың қырғыз ақыны Қатағанмен айтысының деңгей-дәрежесі, алабөтен сипаты, қос жүйіктің ғаламат сөз қағыстыруы туралы аз айтылып, жазылған жоқ. Елдің мерейін асырған, көңілін шарықтатқан айтыста Сүйінбай бар қабілетімен көрініп, шашасына шаң жұқтырмаған дүлдүл екенін дүйім елге танытқан.

*Сөз бастаған бұлбұлмын,  
Топ бастаған дүлдүлмін!  
Судан шыққан сүйрікпін,  
Бәйгеден озған жүйрікпін, —*

деп шалқыған ақынның айдарынан жел есіп, айбарынан ел ыққанын аңғару қиын емес. Алаш атынан сөйлеуге барған ақынның басқаша айтуға, жырлауға хақы жоқ.

Сүйінбай мен Қатаған айтысында Қатаған өз-өзінен қағынып, көптігі мен байлығын, бектері мен манаптарын айтып, арқаланып, Сүйінбайға тиісе сөйлейді. Ұланғайыр даланы мекендеп жатқан қазақтың көптігін айтып, ондағы ірі руларды санамалап шыққанын білеміз. «Бүтін дүние жүзінде, Шөгіп жатқан мұнармын», — дей келе, әр руға жеке тоқталып, ерекшелігін, қасиетін таратып айтып, жер-су атауларының, ел тарихының шежіресіне қанық екенін байқады. Кең жаратқан елі бар екенін, Арқа, Атырау, Алтайды, Сарыарқаны қамтыған жері бар екенін, дүниенің жарымын қоныс қып жайлаған жұрты бар екенін айтып мақтанады. Елінің көптігін, дархандығын айта келе, қызды-қыздымен:

*Көпін дейді Қатаған,  
Көңілінде жоқ қой санасы.  
Толып жатқан көп қазақ,  
Көк пен жердің арасы, —*

деп бірақ сілтейді. Көп қазақтың бірігіп, ынтымақтаса өмір сүрсе, алмайтын қамал болмайтынын ұқтырады. Көптігімен мақтану көпке апармайтынын, тек бірлік, ауызбіршілік қана іргелі ел болып қалуға мүмкіндік тудыратынын, біртұтас ел, бір халық болып ұйысудың сонда ғана мүмкін екенін тұспалдап та, анықтап та айтып тұрғандай ақын.

*Хандарың отыр қысылып,  
«Көпін» деп маған айтпай-ақ,  
Баймын десең, жетпей ме?!  
Асқаралы тау мен едім,  
Адырмақ тау сен едің.  
Тартылған бұлақ сен едің,  
Айдын шалқар көл мен едім! —*

деп көсілген Сүйінбайдың Алаш елін асқаралы тауға теңеп, айдын шалқар көлге балап жатуында елдің еңсесін биіктету, таудай асқақ, теңіздей терең халқының өткенінен тағылым түйдіріп, болашағының да кемел бола алатынына сендіру, иландыру, мойындату жатыр. Дүйім елдің атынан сөйлеп тұрған ақынның дәл осылай көсілуі заңды, әрі шынайы. Батырларын тізбелеп, руларын санамалап, ақындарын асқақтата жырлауының шындыққа жанасымды екенін, ел мерейін өсірудің, асқақтатудың орайы дөп келгенін ақын ұтымды пайдаланып, шындықтың шеңберінен аспай жырлаған, шашау шығармай жымдастырған. Бұл – ақынның ақынына, жырдың сүлейіне ғана қонар бақ-қасиет. Қарсыласын сең соққандай қалтыратып, елінің ынтымақ-бірлігіне, жерінің кеңдігіне, халқының дархандығына, болашағының баяндылығына, келешегінің кемелділігіне арқа сүйеген, сенген Сүйінбайдың сенімі ақталғанына, сезімі алдамағанына алға жылжыған тарих керуені, уақыттың өзі куә.

Төрелері мен сұлтандарының, бай-манаптарының байлығын айтып мақтанған Қатағанның аузына құм құйып, еліне пайдасы тимейтін билеушілердің көптігінен көпке пайда жоқ екенін тізбелейді. Елдің атын шығарар, даңқын асырар ердің көптігімен мақтанып, әрқайсысының ел бірлігін, ынтымағын сақтауға қосар үлесін айтып, Сұраншы, Саурық, Қарасайлардың есімін ілтипатпен еске алады. Батырлардың ел байлығын еселеуге, ел тәуелсіздігін сақтауға қосар үлесін айтып, қаһармандық істерін шабыттана жырлайды. Ел бостандығы, азаттығы үшін күреске шыққан олардың ерлік істерін елі ұмытпайтынын, ардақтап өтетініне тоқталады. «Жалпы қай заманда болмасын, ел қорғау тәрізді мәртебелі ұлы борыш – жемқорлыққа бөккен, азғындыққа бой алдырған ат төбеліндей топтың қолынан келмейтінін, олардың «қаһармандығы» жуас, момын бұқараны алдап-арбап, талаудан артылмайтындығын айтады. Ондай абыройлы іс, ел сеніміне деген адалдық пен табандылық, халықтың өз ортасынан шыққан отаншыл азаматтардың ғана еншісіне тиетіндігін баса жырлайды» [2; 79], – деп атап көрсетеді сүйінбайтанушы ғалым Мүбәрәк Үмбетәев.

Иә, қашанда халықтың сөзін сөйлеп, көптің тілеуін тілеген ақиық ақын Сүйінбай Аронұлының ел мүддесін қорғай сөйлеген аталы сөзі бүгінгі ұрпақ қамын, болашағын баянды етуден туған қадам екенін білуге тиіспіз. Ұлт рухын асқақтатар өлең-айтыстарымен танымал Сүйінбайдың өзі де ел қорғаған батырлармен иықтас, үзеңгілес болғанын, аруақты, ұранды жырларды елдің қорлықта жүргеніне төзбеген ердің ғана жырлай алатынына, халқын жауға қарсы ерте алатынына иланамыз. Ерлермен тізе қосып, ерлікке үндеген, ерлікке суарылған өлең-жыр төкпелеген ақынның өлеңдерінің үні асқақ, рухы биік, кесек мінезді болып келетіні де сондықтан.

Алаштың ақиық ақыны, жыр жампозы деңгейіне көтерілген Сүйінбай Аронұлының жырлаған өлең-жырларында, айтыс-дастандарында ерлік рух пен елдік идеясы болашаққа нық қадам басқан егемен еліміздің мұратымен, Елбасы белгілеп берген «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасып, ақын армандаған бүкіл Алаш баласын бір тудың, бөрілі байрақтың астына біріктірсем деген аңсар-арманының, туған елін, халқын ынтымаққа, бірлікке, тәуелсіздікке шақырған үмітінің орындалып, шынайы тәуелсіз болған шағымызда жүзеге асып жатқанын сеніммен айта аламыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. — Алматы: Білім, 2000. — 336-б.
- 2 Умбетаяев М. Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздері: оқу құралы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2012. — 133 б.

Н. Йылдыз, Ш.А. Шортанбаев

### Заветные мечты народа в поэзии Суинбая

В статье изучены стихотворения Суинбая Аронулы, посвященные народной тематике. Именно они принесли поэтическую славу поэту. Суинбай Аронулы в своих произведениях воспевал миролюбие, единство, мужество казахского народа. Писал о прошлом и настоящем своего народа, восхвалял героизм храбрецов. Его поэзия пестрит примерами из героического исторического прошлого. Автор призывал народ к воссоединению и сопротивлению общему врагу, верить в будущее, не забывая о героическом прошлом. В стихах и поэмах великого поэта казахского народа Суинбая Аронулы воспет героический дух народа, что связывает его поэзию с национальной идеей «Мәңгілік Ел». Авторы статьи приходят к выводу, что мечты поэта, воспевавшего единство и независимость своего народа, на сегодняшний день воплотились в реальность.

*Ключевые слова:* казахская литература, Суинбай Аронулы, литературная традиция, поэт, айтыс, идея народа, стихи, поэма, патриотический дух, Катаган, национальный дух в литературе.

N. Yildiz, Sh.A. Shortanbayev

### Cherished dreams of the people in poetry Suynbaya

Suynbay Aronuly sang peacefulness, unity, courage in his poetry. He wrote about the past and present of his people, and praised the heroism of brave voskhlavlyal. The article describes the poems devoted to the interest of the people, who exalted poetic glory and honor Suynbaya. He always took the example of the life and heroic actions of brave men, who were devoted to the reunification of the people, to incarnate together and rebel against the common enemy. The poet exhorts the people to believe in the future, citing specific examples from the past. For example, in verse «Borili Menin bayragym» clearly visible heroic spirit and intent of the people of reunification under the same sky, stanovenie one country and one people, he argues with the scientific side of the cherished dreams people who can be seen clearly from the strings of his works. The verses and poems of the great Kazakh poet of the people Suynbaya Aronuly voskhlavlyaetsya heroic spirit and interest of the people that interconnects its poetry and the idea «Mangilik El». The output end of the article leads to the fact that the poet celebrates the unity and independence of his people today become a reality.

*Keywords:* kazakh literature, Swinbay Aronuly, literary tradition, poet, aitys, idea of the people, poems, aitys, poem, patriotic spirit, Katagan, national spirit in literature.

#### References

- 1 Sharip A. *Kazakh poetry and national idea*, Almaty: Bilim, 2000, 336 p.
- 2 Umbetayev M. *Otegen batyr and his literature-historical bases: textbook*, Almaty: Publ. Kazakh University, 2012, 133 p.